

Жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің қатысуымен өткен «Мамандығым-мақтанышым» жас педагогтердің республикалық форумын өткізу туралы ақпарат

2025 жылғы 15 қазанда ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ жұмыс жоспарына сәйкес жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттерінің қатысуымен TEDx форматында «Мамандығым – мақтанышым» атты жас педагогтердің республикалық форумын өткізді.

Мақсаты – мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтерінің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы үздік тәжірибелерін насихаттау және тарату арқылы тәрбиеші мамандығының мәртебесін арттыру.

Форумға республиканың 20 өңірінен 180-ге жуық адам (мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлер, педагогтер) және ЖОО мен Тжәне КББ колледж студенттері қатысты.

Қатысушылар үш буынға бөлінді:

1. Сарапшылар қауымы;
2. Мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері мен тәрбиешілер;
3. Студенттер – болашақ педагог мамандар.

Республикалық форумды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Елекеновна Адамова алғы сөзбен ашты.

Институт директоры Мария Наятовна Ерманова мектепке дейінгі білім беру саласындағы сапалы кадрлар даярлау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және инновациялық бастамаларды қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының тәжірибелі маманы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Сайра Нагашибаевна Жиенбаева педагогикалық мамандықтың қоғамдағы ерекше орнын атап өтті.

Форум аясында буын сабақтастығын нығайту және кәсіби құндылықтарды біріктіру мақсатында «Кәсіби көпір: тәжірибелі және жас мамандар» атты диалог алаңы ұйымдастырылды.

Фасилитациялық форматта өткен сұхбат барысында қатысушылар төмендегі тақырыптар төңірегінде өз ойларын ортаға салды:

1. Қазіргі балабақша қандай болу керек ?
2. Мамандықты таңдауда не маңызды ?
3. Бала тәрбиесі – ата-ананың ба, әлде педагогтің жауапкершілігі ме ?
4. Болашақ педагог үшін цифрлық сауаттылық маңызды ма, әлде мейірім маңызды ма?
5. Тәрбиешінің тұлғасы қандай болу керек?
6. Қазіргі заман тәрбиешісіне ең қажет қасиет не?
7. Болашақ мамандарға қандай кеңес бересіздер?

Әр қатысушы өз пікірін ашық білдіріп, кәсіби көзқарастарымен бөлісті. Пікір алмасу алаңы тәжірибе алмасуға, жаңа идеяларды ұсынуға және педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік берді.

Форум жұмысында Институттың жыл бойы ұйымдастырған «Мамандығым – мақтанышым» подкаст-сұхбатына қатысып, үздік деп танылған педагогтер марапатталды. Үздік жұмыстардан «Шығармашылық алаңдарға саяхат» тақырыбында бейнематериал ұсынылды. Бейнематериалда педагогтердің өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, тәрбиеші еңбегінің ерекшелігі мен жауапкершілігі, тәрбиеші мамандығын таңдау себептері, балалармен жұмыс істеудегі шығармашылық тәсілдері және инновациялық тәжірибелері көрсетілді.

«Мамандығым – мақтанышым» форумы ел жастарының кәсіби дамуына жол ашатын, жаңа идеялар мен бастамаларды қолдайтын, педагогикалық мамандықтың қадір-қасиетін айқындайтын маңызды алаңына айналды.

Форум барысында инновациялық педагогикалық тәсілдер мен заманауи тәжірибелер кеңінен талқыланып, озық тәжірибелерді таратуға басымдық берілді. Сонымен қатар, форум мектепке дейінгі ұйымдарға білікті, креативті және өз ісін жауапкершілікпен атқаратын жас мамандарды тарту арқылы педагог мамандығының қоғамдағы мәртебесін көтеруге, білім беру саласының беделін нығайтуға бағытталды.